

Қарағанды облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылғанын тану туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 33/09 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарағанды облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін бюджеттік несиелендірудің негізгі талаптарын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2008 жылғы 02 қыркүйектегі № 24/14 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 1851 болып тіркелген, 2008 жылғы 4 қазандағы № 153-154 (20537) "Орталық Қазақстан", 2008 жылғы 4 қазандағы № 124 (20670) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған);

2) "Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін бюджеттік несиелендірудің негізгі талаптарын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2008 жылғы 2 қыркүйектегі № 24/14 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 қарашадағы № 31/08 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 1858 болып тіркелген, 2008 жылғы 25 қарашадағы № 182 (20565) "Орталық Қазақстан", 2008 жылғы 25 қарашадағы № 146 (20692) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған);

3) "Шағын және орта бизнесті бюджеттік кредиттеудің және ауыл халқын микрокредиттеудің негізгі талаптарын белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы № 13/01 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 1866 болып тіркелген, 2009 жылғы 23 мамырдағы № 75-76 (20660) "Орталық Қазақстан", 2009 жылғы 23 мамырдағы № 58 (20765) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған).

2. "Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

